# Ашық деректердің интернет-порталында орналастырылатын Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің ашық деректер тізбесін бекіту туралы

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2020 жылғы 19 қазандағы № 99 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 27 қазанда № 21519 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2022 жылғы 21 ақпандағы № 4 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 21.02.2022 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Ақпараттандыру туралы" 2015 жылғы 24 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабының 15) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған Ашық деректердің интернет-порталында орналастырылатын Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің ашық деректер тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) бекітілсін.

2. Тізбеде көрсетілген жауапты бөлімшелер ашық деректердің интернет-порталында ашық деректердің уақтылы орналастырылуын және өзектендірілуін қамтамасыз етсін.

3. Ақпараттық технологиялар департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2) тармақшасында және 4-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Халықаралық қатынастар және сыртқы коммуникациялар басқармасы осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның

көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Төрағасының орынбасары М.Ж. Хаджиеваға жүктелсін.

6. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*
*Қаржы нарығын реттеу және* *М. Абылкасымова*
*дамыту Агенттігінің Төрағасы*

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, инновациялар
және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі
2020 жылғы "___" _______________

Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу және
дамыту агенттігі
Басқармасының
2020 жылғы 19 қазаны
№ 99 қаулысымен
бекітілген

## Ашық деректердің интернет-порталында орналастырылатын Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің ашық деректер тізбесі

| **№** | **Ашық деректер жиынтығының атауы** | **Өзектендіру кезеңі** | **Ұсыну мерзімі** | **Дереккөзі (Ашық деректердің интернет-порталының автоматтандырылған жұмыс орны (бұдан әрі - АЖО) арқылы немесе мемлекеттік органның API [1] жүйелері арқылы)** | **Жауапты тұлға** |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер** | | | | |
| | Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту | | Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізілімін бекіту туралы бұйрық Қазақстан | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | агенттігінің ( бұдан әрі – Агенттік) мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізбесі | Жаңартылуына қарай | Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап 30 жұмыс күні ішінде | ашық деректердің интернет-порталының АЖО арқылы | Операциялық тәуекелдер және комплаенс басқармасы |
| | **Агенттіктің құрылымы** | | | | |
| 2 | Агенттіктің ұйымдық құрылымы | Жаңартылуына қарай | Агенттіктің құрылымы, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтырулар бекітілген күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде | ашық деректердің интернет-порталының АЖО арқылы | Адам капиталын дамыту департаменті |
| 3 | Агенттікте жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне шолу | Тоқсан сайын | Есепті тоқсаннан кейінгі айдың 15-не дейін | ашық деректердің интернет-порталының АЖО арқылы | Агенттіктің қызметін қамтамасыз ету департаменті |
| 4 | Агенттік басшыларының жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдау кестесі | Тоқсан сайын | Тоқсаннан кейінгі айдың 5-не дейін | ашық деректердің интернет-порталының АЖО арқылы | Агенттіктің қызметін қамтамасыз ету департаменті |
| | **Агенттікке жұмысқа орналасу** | | | | |
| 5 | Агенттік қызметшісінің бос лауазымына орналасуға конкурс өткізу туралы мәліметтер | Қажеттілігіне қарай | Хабарландыруды Агенттіктің ресми интернет-ресурсына орналастырған күннен бастап 1 күннің ішінде | ашық деректердің интернет-порталының АЖО арқылы | Адам капиталын дамыту департаменті |
| 6 | Кадр резервіне есептеу үшін іріктеу өткізу туралы мәліметтер | Қажеттілігіне қарай | Хабарландыруды Агенттіктің ресми интернет-ресурсына орналастырған күннен бастап 1 күннің ішінде | ашық деректердің интернет-порталының АЖО арқылы | Адам капиталын дамыту департаменті |
| **Агенттік** | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **хабарламаларының тізілімі** | | | | | |
| 7 | Қаржы ұйымдарының қаржы өнімдерін бекіту туралы хабарламалардың тізілімі | Жаңартылуына қарай | Есепті айдан кейінгі айдың әрбір 5-і күні | ашық деректердің интернет-порталының АЖО арқылы | Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті |
| 8 | Микроқаржы ұйымдарының микрокредиттер беру қызметтерін бекіту туралы хабарламалар тізілімі | Жаңартылуына қарай | Есепті айдан кейінгі айдың әрбір 5-і күні | ашық деректердің интернет-порталының АЖО арқылы | Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті |
| | **Агенттік рұқсаттарының тізілімі** | | | | |
| 9 | Банктік және өзге де операцияларды жүргізуге және бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға берілген, қайта ресімделген лицензиялардың тізілімі | Жаңартылуына қарай | Банктік және өзге де операцияларды жүргізуге және бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға лицензия берілген, қайта ресімделген күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде | ашық деректердің интернет-порталының АЖО арқылы | Банктерді реттеу департаменті |
| 10 | Тоқтатыла тұрған не қолданылуы тоқтатылған (айырылған) лицензиялардың тізілімі | Жаңартылуына қарай | Лицензия тоқтатыла тұрған не қолданылуы тоқтатылған (айырылған) күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде | ашық деректердің интернет-порталының АЖО арқылы | Банктерді реттеу департаменті |
| 11 | Ерікті түрде қайтаруға байланысты қолданылуы тоқтатылған лицензиялардың тізілімі | Жаңартылуына қарай | Ерікті түрде қайтаруға байланысты лицензияның қолданылуы тоқтатылған күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде | ашық деректердің интернет-порталының АЖО арқылы | Банктерді реттеу департаменті |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 12 | Сақтандыру ( қайта сақтандыру) қызметін жүзеге асыруға берілген, қайта ресімделген лицензиялардың тізілімі | Жаңартылуына қарай | Тізілімге тиісті жаңарту енгізілген күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде | ашық деректердің интернет-порталының АЖО арқылы | Сақтандыру нарығы және актуарлық есеп айырысу департаменті |
| 13 | Сақтандыру ( қайта сақтандыру) қызметін жүзеге асыруға тоқтатыла тұрған не қолданылуы тоқтатылған ( айырылған) лицензиялардың тізілімі | Жаңартылуына қарай | Тізілімге тиісті жаңарту енгізілген күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде | ашық деректердің интернет-порталының АЖО арқылы | Сақтандыру нарығы және актуарлық есеп айырысу департаменті |
| 14 | Бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға берілген, қайта ресімделген лицензиялардың тізілімі | Жаңартылуына қарай | Бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға лицензия берілген, қайта ресімделген күнінен бастап 3 жұмыс күні ішінде | ашық деректердің интернет-порталының АЖО арқылы | Бағалы қағаздар нарығы департаменті |
| 15 | Бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға тоқтатыла тұрған не қолданылуы тоқтатылған ( айырылған) лицензиялардың тізілімі | Жаңартылуына қарай | Бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға лицензия берілген, қолданылуы тоқтатыла тұрған не тоқтатылған ( айырылған) күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде | ашық деректердің интернет-порталының АЖО арқылы | Бағалы қағаздар нарығы департаменті |
| 16 | Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға берілген, қайта | Жаңартылуына қарай | Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға лицензия берілген, қайта ресімделген | ашық деректердің интернет-порталының АЖО арқылы | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ресімделген лицензиялардың тізілімі | | күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде | | Банктерді реттеу департаменті |
| 17 | Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға тоқтатыла тұрған не қолданылуы тоқтатылған (айырылған) лицензиялардың тізілімі | Жаңартылуына қарай | Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға лицензия берілген, қолданылуы тоқтатыла тұрған не тоқтатылған (айырылған) күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде | ашық деректердің интернет-порталының АЖО арқылы | Банктерді реттеу департаменті |
| 18 | Ерікті түрде қайтаруға байланысты қолданылуы тоқтатылған лицензиялардың тізілімі | Жаңартылуына қарай | Ерікті түрде қайтаруға байланысты лицензияның қолданылуы тоқтатылған күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде | ашық деректердің интернет-порталының АЖО арқылы | Банктерді реттеу департаменті |
| 19 | Микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдарды есептік тіркеу | Агенттіктің өңірлік өкілдер басқармаларынан ақпарат келіп түсуіне қарай | Агенттіктің интернет-ресурсында жаңарту орналастырылған күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде | ашық деректердің интернет-порталының АЖО арқылы | Банктерді реттеу департаменті |
| 20 | Кредиттік бюро қызметін жүзеге асыру құқығына берілген рұқсаттардың тізілімі | Жаңартылуына қарай | Кредиттік бюро қызметін жүзеге асыруға рұқсаттар берілген күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде | ашық деректердің интернет-порталының АЖО арқылы | Банктерді реттеу департаменті |
| 21 | Кредиттік бюроның қызметін жүзеге асыруға қолданылуы тоқтатыла тұрған не айырылған рұқсаттардың тізілімі | Жаңартылуына қарай | Кредиттік бюроның қызметін жүзеге асыруға рұқсаттар тоқтатыла тұрған не қолданылуынан айырылған күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде | ашық деректердің интернет-порталының АЖО арқылы | Банктерді реттеу департаменті |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 22 | Коллекторлық агенттіктерді есептік тіркеу | Агенттіктің өңірлік өкілдер басқармаларына ақпарат келіп түсуіне қарай | Агенттіктің интернет-ресурсында жаңарту орналастырылған күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде | ашық деректердің интернет-порталының АЖО арқылы | Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті |
| | Қаржы секторы | | | | |
| 23 | Екінші деңгейдегі банктер | Жаңартылуына қарай | Қаржы ұйымдарынан ақпарат алған күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде, атап айтқанда атауының өзгеруі. | ашық деректердің интернет-порталының АЖО арқылы | Банктерді реттеу департаменті |
| 24 | Банк өкілдіктерінің тізімі | Жаңартылуына қарай | Қаржы ұйымдарынан ақпарат алған күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде, атап айтқанда атауының өзгеруі. | ашық деректердің интернет-порталының АЖО арқылы | Банктерді реттеу департаменті |
| 25 | Инвестициялық пай қорлары пайларының тіркелген шығарылымдары туралы мәліметтер | Тоқсан сайын | Есепті тоқсаннан кейінгі айдың он бесінші күнінен кешіктірмей | ашық деректер интернет-порталының АЖО арқылы | Бағалы қағаздар нарығы департаменті |
| 26 | Акционерлік қоғамдардың дауыс беретін акцияларының саны бойынша мәліметтер | Ай сайын | Әр айдың жиырмасыншы күні | ашық деректер интернет-порталының АЖО арқылы | Бағалы қағаздар нарығы департаменті |
| 27 | Инвестициялық пай қорларының пайларын ұстаушылардың саны туралы мәліметтер | Тоқсан сайын | Есепті тоқсаннан кейінгі екінші айдың оныншы күнінен кешіктірмей | ашық деректер интернет-порталының АЖО арқылы | Бағалы қағаздар нарығы департаменті |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | Бағалы қағаздар |
| 28 | Брокерлер-дилерлер | Жаңартылуына қарай | Қаржы ұйымдарынан атауының өзгеруі туралы ақпарат алған күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде. | ашық деректер интернет-порталының АЖО арқылы | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | нарығы департаменті |
| 29 | Инвестициялық портфельді басқарушылар | Жаңартылуына қарай | Қаржы ұйымдарынан атауының өзгеруі туралы ақпарат алған күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде. | ашық деректер интернет-порталының АЖО арқылы | Бағалы қағаздар нарығы департаменті |
| 30 | Кастодиандар | Жаңартылуына қарай | Қаржы ұйымдарынан атауының өзгеруі туралы ақпарат алған күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде. | ашық деректер интернет-порталының АЖО арқылы | Бағалы қағаздар нарығы департаменті |
| 31 | Трансфер-агенттер | Жаңартылуына қарай | Қаржы ұйымдарынан атауының өзгеруі туралы ақпарат алған күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде. | ашық деректер интернет-порталының АЖО арқылы | Бағалы қағаздар нарығы департаменті |
| 32 | Сауда-саттықты ұйымдастырушылар | Жаңартылуына қарай | Қаржы ұйымдарынан атауының өзгеруі туралы ақпарат алған күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде. | ашық деректер интернет-порталының АЖО арқылы | Бағалы қағаздар нарығы департаменті |
| 33 | Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары | Жаңартылуына қарай | Қаржы ұйымдарынан ақпарат алған күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде | ашық деректер интернет-порталының АЖО арқылы | Сақтандыру нарығы және актуарлық есеп айырысу департаменті |
| 34 | Сақтандыру брокерлері | Жаңартылуына қарай | Қаржы ұйымдарынан ақпарат алған күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде | ашық деректер интернет-порталының АЖО арқылы | Сақтандыру нарығы және актуарлық есеп айырысу департаменті |
| 35 | Актуарийлер | Жаңартылуына қарай | Қаржы ұйымдарынан ақпарат алған күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде | ашық деректер интернет-порталының АЖО арқылы | Сақтандыру нарығы және актуарлық есеп айырысу департаменті |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 36 | Өзара сақтандыру қоғамдарының тізілімі | Жаңартылуына қарай | Қаржы ұйымдарынан ақпарат алған күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде | ашық деректер интернет-порталының АЖО арқылы | Сақтандыру нарығы және актуарлық есеп айырысу департаменті |
| 37 | Сақтандыру ( қайта сақтандыру) ұйымдары өкілдерінің тізімі | Жаңартылуына қарай | Қаржы ұйымдарынан ақпарат алған күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде | ашық деректер интернет-порталының АЖО арқылы | Сақтандыру нарығы және актуарлық есеп айырысу департаменті |
| 38 | Шығарылған сақтандыру агенттері | Жаңартылуына қарай | Қаржы ұйымдарынан ақпарат алған күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде | ашық деректер интернет-порталының АЖО арқылы | Сақтандыру нарығы және актуарлық есеп айырысу департаменті |
| 39 | Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың тізімі | Жаңартылуына қарай | Қаржы ұйымдарынан ақпарат алған күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде, атап айтқанда атауының өзгеруі. | ашық деректердің интернет-порталының АЖО арқылы | Банктерді реттеу департаменті |
| 40 | Қаржы ұйымдарының ірі қатысушылары | Жаңартылуына қарай (ірі қатысушылар-дың құрамының өзгеруі және толықтырылуы не ағымдағы ірі қатысушылар бойынша ақпараттың өзгеруі) | Агенттіктің интернет-ресурсында жаңарту орналастырылған күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде | ашық деректердің интернет-порталының АЖО арқылы | Банктерді реттеу департаменті, Сақтандыру нарығы және актуарлық есеп айырысу департаменті, Бағалы қағаздар нарығы департаменті |
| 41 | Банк холдингтері | Жаңартылуына қарай ( өзгерістер, толықтырулар) | Агенттіктің интернет-ресурсында жаңарту орналастырылған күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде | ашық деректердің интернет-порталының АЖО арқылы | Банктерді реттеу департаменті |
| 42 | Банк конгломераттары | Жаңартылуына қарай | Агенттіктің интернет-ресурсында жаңарту орналастырылған күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде | ашық деректердің интернет-порталының АЖО арқылы | Банктерді реттеу департаменті |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 43 | Сақтандыру холдингтері | Жаңартылуына қарай | Қаржы ұйымдарынан ақпарат алған күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде | ашық деректердің интернет-порталының АЖО арқылы | Сақтандыру нарығы және актуарлық есеп айырысу департаменті |
| 44 | Таратылатын екінші деңгейдегі банктер | Жаңартылуына қарай | Агенттіктің интернет-ресурсында жаңарту орналастырылған күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде | ашық деректердің интернет-порталының АЖО арқылы | Банктерді реттеу департаменті |
| 45 | Таратылған екінші деңгейдегі банктер | Жаңартылуына қарай | Агенттіктің интернет-ресурсында жаңарту орналастырылған күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде | ашық деректердің интернет-порталының АЖО арқылы | Банктерді реттеу департаменті |
| 46 | Таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары | Жаңартылуына қарай | Агенттіктің интернет-ресурсында жаңарту орналастырылған күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде | ашық деректердің интернет-порталының АЖО арқылы | Сақтандыру нарығы және актуарлық есеп айырысу департаменті |
| 47 | Таратылған сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары | Жаңартылуына қарай | Агенттіктің интернет-ресурсында жаңарту орналастырылған күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде | ашық деректердің интернет-порталының АЖО арқылы | Сақтандыру нарығы және актуарлық есеп айырысу департаменті |
| 48 | Жарияланған акциялардың тіркелген шығарылымдары туралы мәліметтер | Тоқсан сайын | Есепті тоқсаннан кейінгі айдың он бесінші күнінен кешіктірмей | ашық деректердің интернет-порталының АЖО арқылы | Бағалы қағаздар нарығы департаменті |
| 49 | Облигациялардың тіркелген шығарылымдары туралы мәліметтер | Тоқсан сайын | Есепті тоқсаннан кейінгі айдың он бесінші күнінен кешіктірмей | ашық деректердің интернет-порталының АЖО арқылы | Бағалы қағаздар нарығы департаменті |
| | **Мемлекеттік аудит** | | | | |
| 50 | Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау нәтижелері | Жаңартылуына қарай | Жаңартылған күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде | ашық деректердің интернет-порталының АЖО арқылы | Ішкі аудит басқармасы |

Ескертпе: [1] Application programming interface

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК